

## Темір жол көлігін реформалау бойынша ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2002 жылғы 23 желтоқсандағы N 200-ө  
өкімі

Қазақстан Республикасының темір жол көлігін реформалау жөніндегі ұсыныстарды  
әзірлеу мақсатында:

1. Ведомствоаралық жұмыс тобы мынадай құрамда құрылсын:

Лавриненко - Қазақстан Республикасының Көлік  
Юрий Иванович және коммуникациялар бірінші  
вице-министрі, басшы;

Байдәулетов - Қазақстан Республикасының Көлік  
Нұржан Тәліпұлы және коммуникациялар министрлігі  
Темір жол көлігі департаментінің  
директоры, басшының орынбасары

Комиссия мүшелері:

Әбдіреев - Қазақстан Республикасының  
Батырбек Сейтенұлы Индустрия және сауда министрлігі  
Индустриалдық саясат департаменті  
директорының орынбасары;

Ыдырысов - Қазақстан Республикасы Экономика  
Марат Мәкеұлы және бюджеттік жоспарлау  
министрлігінің Салалық саясат және  
бағдарламалар департаменті  
салааралық үйлестіру басқармасының  
бастығы;

Клякин - Қазақстан Республикасы Энергетика  
Владимир Викторович және минералдық ресурстар  
министрлігінің Электр энергиясы және  
қатты отын департаменті  
директорының орынбасары;

Әубәкіров - Қазақстан Республикасының Табиғи  
Ұлан Сауытбекұлы монополияларды реттеу және  
бәсекелестікті қорғау жөніндегі  
агенттігі Көлік және  
телекоммуникациялық секторды реттеу

жөніндегі департаментінің директоры;

Акрачкова  
Дина Викторовна - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Монополияға қарсы заңнаманың сақталуын бақылау департаменті директорының орынбасары;

Сейсеқұлов  
Байжан Бақтыбайұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Ірі салық төлеушілер басқармасы бастығының орынбасары;

Ыбырайымов  
Қалымжан Уәлиханұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Мемлекеттің қатысуы бар мемлекеттік емес заңды тұлғалармен жұмыс жөніндегі басқармасының бастығы;

Жанғаскин  
Қанат Қарасайұлы - "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының вице-президенті (келісім бойынша);

Есенғалиев  
Әсет Бақытжанұлы - "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының атқарушы директоры (келісім бойынша).

## 2. Ведомствоаралық жұмыс тобы:

1) бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының темір жол көлігін одан әрі реформалау жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізсін;

2) екі ай мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 4 маусымдағы N 756 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының темір жол көлігін қайта құрылымдаудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлесін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК